

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Лесной ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 қаңтарда № 7087 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес, Аққайың ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №08-02/946 ұсынысы негізінде, Лесной ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Лесной ауылдық округі Ленинское ауылының аумағында ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының ошағын жою бойынша ветеринариялық іс - шаралардың кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Лесной ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 17 шілдедегі № 6 шешімінің (2020 жылғы 22 шілдегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы
Лесной ауылдық округінің әкімі*

К. Бабаков